



**ОНЛАСЫН КАПАЛБАЕВ:  
ЭТО ВАЖНО - БЕРЕЧЬ МИР!** 4 - бетте

**ЕРЛІГІ ЕРЕН БАТЫРЛАРҒА -  
100 ЖЫЛ** 5 - бетте

**САРБАЗДАРДЫҢ АЛҒАШҚЫ  
ДАЛАЛЫҚ ЖАТТЫҒУЫ** 7 - бетте

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ГАЗЕТ



# SARBAZ

**№4  
(2119)  
26 қаңтар  
2024 жыл**

газет 1929 жылдың  
7 қарашасынан  
бастап шығады

facebook.com/sarbaz.kz instagram.com/sarbaz.kz vk.com/sarbaz.kz twitter / @SarbazKz

## ПАРЛАМЕНТ БҰҰ МИССИЯЛАРЫНА ҚАТЫСУ ҮШІН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӘСКЕРИЛЕРДІҢ ЖОЛДАУЫН МАҚҰЛДАДЫ

БҰҰ шақыруына сәйкес 2024 жылғы наурыздан бастап «БҰҰ-ның Голан биіктіктеріндегі бөлінуді бақылау жөніндегі күштері» миссиясына өзінің әскери техникасы, қару-жарағы және резерв ротасы ретінде мүлкі бар 139 әскери қызметші санындағы Қазақстанның алғашқы дербес ұлттық бітімгершілік контингентін орналастыру жоспарлануда. Ол үшін тараптардың міндеттемелерін, сондай-ақ контингенттің миссияға қатысуын қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелерін айқындайтын Біріккен Ұлттар Ұйымымен халықаралық шарт жасалатын болады. Контингент құрамында әскери ер азаматтармен бірге әйелдер де миссияны орындайтын болады. Олардың ішінде 2 атқыш-санитар, 1 мерген, 2 аспазшы және 2 медициналық қызметші.

маларын қарқынды меңгеруде», - деді Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықов.

Қазақстан 1992 жылғы 25 наурыздан бастап БҰҰ-ның толыққанды мүшесі болып табылады. Осы уақыт ішінде республика БҰҰ жүйесімен жемісті өзара іс-қимыл жасайды және Ұйым Жарғысының мақсаттары мен қағида-тәртібіне өзінің толық берілгендігін көрсетеді. Қазақстан БҰҰ-ның қатысушысы ретінде басқа мемлекеттермен тең дәрежеде планетада бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға жауапты.

Контингенттің БҰҰ бітімгершілік миссияларына бағыты халықаралық қауіпсіздікті нығайтуға елеулі үлес қосып қана қоймай, Қазақстанның жаһандық аренадағы ролін арттыруға да ықпал етеді.

Жақында БҰҰ инспекциялық тобы материалдық-техникалық базаның жай-күйіне және қазақстандық әскери қызметшілердің дайындық деңгейіне жан-жақты тексеру жүргізді. Оның қорытындысы бойынша ұйым сарапшылары ҚР бітімгершілік контингентінің жеке құрамын даярлаудың жоғары деңгейін және бітімгершілік операциялар орталығының нұсқаушы құрамының кәсібилігін атап өтті.



Қазақстан әскери қызметшілерінің БҰҰ бітімгершілік миссияларына қатысу географиясын кеңейту біздің республикамыздың әскери және гуманитарлық дағдарыстардан зардап шегетін адамдарға қолдау көрсетуге деген берік ниетін айғақтайды. Қазақстандық бітімгерлердің қатысуының арқасында БҰҰ Тараптар арасындағы қақтығыстарда бейбіт шешім табуға мүмкіндік алады.

ҚР ҚК бітімгерлері қазақстандық әскери қызметшілер бітімгершілік қызметке қазіргі заманғы қауіп-қатерлерге қарсы іс-қимылдағынаны алғыстары бар.

Осы уақыт ішінде біздің әскери қызметшілер қазіргі заманғы қауіп-қатерлерге қарсы іс-қимылда практикалық тәжірибе жинақтады. Әскерлердің жауынгерлік дайындығын одан әрі нығайту және практикалық тәжірибе алу мәселелері ерекше өзекті болып отыр.

Қазақстанның бітімгершілік операцияларға қатысуы әскери оқытудың қажетті және аса маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл тәсілді көптеген елдер қолданады.



Парламент БҰҰ-ның бірнеше миссияларына қатысу үшін 430 адамнан аспауы тиіс ҚР Қарулы Күштерінің әскери персоналын жіберуді мақұлдады. Олар - «БҰҰ-ның Голан биіктіктеріндегі бөлінуді бақылау күштері», «БҰҰ-ның бітімгершілік шарттарының орындалуын бақылау органы» (UNTSO, Палестина-Израиль), «БҰҰ-ның Оңтүстік Судан Республикасындағы миссиясы» (UNMISS, Оңтүстік Судан) және «БҰҰ-ның уақытша қауіпсіздік және Абые күштері» (UNISFA, Судан).

2014 жылдан бастап 67 қазақстандық офицер Батыс Сахара, Кот-д'Ивуар, Мали, Орталық Африка Республикасы және Ливандағы БҰҰ миссияларына қатысты. 2018 жылдан бастап 538 қазақстандық әскери қызметші бітімгершілік бөлімшесінің құрамында «БҰҰ-ның Ливандағы уақытша күштері» миссиясына қатысты. Қазіргі уақытта Батыс Сахарада алты қазақстандық офицер, Орталық Африка Республикасында екі офицер, Конго

Демократиялық Республикасында екі офицер, Ливанда тоғыз әскери қызметші БҰҰ миссияларында қызмет етеді.

«Ұлттық контингентті қалыптастыру кезінде әскери қызметшілерді іріктеу үшін Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты бөлімшелердің, әскери бөлімдердің, құрамалардың, әскери оқу орындарының комиссиялары тағайындалады. Әскери қызметшілерді даярлау Алматыда орналасқан ҚР Қорғаныс министрлігінің бітімгершілік операциялар орталығында жүзеге асырылады. Орталық базасында әскери қызметшілер бітімгершілік дайындық бойынша қарқынды курстан өтеді. Болашақ бітімгерлер ағылшын тілін, далалық медицинаны, радиобайланысты, шахталар, қолдан жасалған жарылғыш құрылғылар мен жарылмаған снарядтар туралы білімді, күш қолдану ережелерін, сондай-ақ халықаралық және гуманитарлық құқық нор-



## ҚОРҒАНЫС ЖӘНЕ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІКТЕРІ КҮШ БІРІКТІРМЕК

ҚР Қорғаныс министрі генерал-полковник Руслан Жақсылықов пен ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев жұмыс кездесуін өткізді.

Тараптар ескеңе ұрпақты әскери-патриоттық тәрбиелеу және балалар мен оқушылардың бос уақытын мағыналы ұйымдастыру саласындағы ынтымақтастық перспективаларын талқылады. Олар бұдан бөлек Қапшағай су қоймасының жағасында орналасқан «Алтын емел» кешенін осындай мақсатқа пайдалану жөніндегі ведомстволар арасындағы шартты ұзарту жайын қозғады.

Қорғаныс ведомствосының басшысы бүгінгі таңда «Алтын емел» аумағында оқу-сауықтыру орталығы толық жұмыс істемейтінін атап өтті. Ол Қонаев қаласындағы «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығы филиалының нысандарын жөндеуге, спорт алаңдары мен тағы бір асхана салуға көмек көрсетуді ұсынды.

Министрлер «Балдәурен» РОСО-ның төрт филиалында әскери қызметшілер мен Қарулы күштер қызметкерлерінің балаларына демалу, сондай-ақ ерекше білім

беруді қажет ететін балаларды оңалтуға квоталар бөлу мүмкіндігін де талқылады.

Жас сарбаз қозғалысы біздің қолдауымыздың арқасында дамып, жұмыс істеп келеді. Әр гарнизондағы бұл балалар осы оқу-сауықтыру орталықтарына өз қатарластарын білуге, демалуға, оқу алдында күш-қуат жинап, тынығуға келе алады, - деді генерал-полковник Руслан Жақсылықов. - Бұл мемлекеттің нақты қолдауы болмақ және біз өз тарапымыздан қызметтің өзге де бағыттары бойынша көмектесуге дайынбыз.

Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев өз кезегінде «Балдәурен» РОСО барлық филиалдарында әскери қызметшілердің балаларын сауықтыруға арналған квота туралы ұсынысты қолдады. Сөз барысында ол әскери бөлімдердің есіктері балалардың алдында жиі ашыла бастағанын атап өтті.

Біз қазір әскери бөлімдерде Ашық есік күндерінің



жүйелі түрде өткізіліп жатқанын байқап отырмыз. Мектеп бітіруші сынып оқушыларын әскери-патриоттық тәрбие саласына белсенді тарту, оларды армияның күнделікті өмірімен таныстыру қажет, - деп атап өтті ол.

Министр Ғани Бейсембаев балалармен және жасөспірімдермен жұмыс істеуге алғашқы әскери дайындығын ұйымдастырушы оқытушылар ретінде әскери зейнеткерлердің қатысуына қолдау білдірді.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар тиісті ме-

морандум жасау және балалар мен оқушыларға әскери-патриоттық тәрбие беру бойынша бірлескен жұмыс жоспарын жасау жөнінде жұмыс жүргізуге шешім қабылдады. Екі министрліктің ынтымақтастығы Ашық есік күндерін өткізуді, «Балдәурен» РОСО филиалдарында үйірмелер, спорт секцияларын ашуды және сыныптарды тақырыптық безендіруді көздейді.

Бұл бағытта жұмыс әрі қарай жалғасатынын айта кеткен жөн.

## СОБЫТИЯ И ФАКТЫ

МИНИСТР ОБОРОНЫ  
КАЗАХСТАНА ВСТРЕТИЛСЯ  
С КОЛЛЕГОЙ ИЗ АРМЕНИИ

**В Астану с официальным визитом прибыла делегация под руководством министра обороны Армении Сурена Папикяна.**

Зарубежная делегация приняла участие в церемонии возложения венков к монументу «Отан қорғаушылар».

На встрече в расширенном формате стороны обсудили перспективные направления деятельности оборонных ведомств, представляющие взаимный интерес.

По итогам обсуждения состоялось подписание плана двустороннего сотрудничества между министерствами обороны Казахстана и Армении на 2024 год.

– Рад приветствовать вас на казахской земле.

Думаю, ваш визит станет хорошим стимулом для развития казахстанско-армянских отношений и послужит углублению сотрудничества между нашими ведомствами, – отметил генерал-полковник Руслан Жаксылыков.

Делегация оборонного ведомства Армении также побывала в Национальном университете обороны РК.

В программе визита – посещение и ознакомление с учебно-материальной базой Военного колледжа имени Шокана Уалиханова в г. Щучинске Акмолинской области.

ДЛЯ РЕШЕНИЯ  
ОСОБЫХ ЗАДАЧ

**Силы специальных операций отметили профессиональный праздник. Со знаменательным событием военнослужащих специального подразделения поздравил министр обороны генерал-полковник Руслан Жаксылыков.**

19 января 2022 года Указом Президента страны было образовано командование Сил специальных операций Вооруженных Сил РК.

Отметив роль подразделений Сил специальных операций в укреплении обороноспособности и обеспечении военной безопасности страны, глава оборонного ведомства пожелал военнослужащим новых профессиональных высот и настойчивости в достижении поставленных задач.

Сегодня Силы специальных операций укомплектованы компетентными специалистами, оснащены современными образцами техники и вооружения, принимаются меры по укреплению их



учебно-материальной базы, предусматривающие строительство и реконструкцию объектов инфраструктуры.

В 2023 году их подразделения были задействованы в стратегических командно-штабных учениях «Батыл тойтарыс», прошедших под руководством Верховного Главнокомандующего Вооруженными Силами Касым-Жомарта Токаева. На этих учениях Президент вручил командованию Сил специальных операций Боевое знамя.

В честь дня образования командования Сил специальных операций ряд военнослужащих был поощрен ведомственными медалями, почетными грамотами и благодарственными письмами.

НА СТРАЖЕ ПРАВОПОРЯДКА  
И БЕЗОПАСНОСТИ

**В оборонном ведомстве состоялось торжественное мероприятие, посвященное 21-летию образования Отряда военной полиции по обеспечению режима и безопасности Министерства обороны РК.**



Подразделение было создано директивой министра обороны 22 января 2003 года, когда было введено в эксплуатацию административное здание оборонного ведомства.

Поздравительный адрес от имени начальника Главного управления военной полиции Вооруженных

Сил РК полковника Руслана Кулumbетова озвучил командир Отряда военной полиции по обеспечению режима и безопасности полковник Талгат Әмірхан.

– Ваше подразделение выполняет ответственную миссию по охране и защите объекта стратегического значения. От профессионализма, принципиальности и добросовестности личного состава зависит его безопасность. Немаловажна и другая составляющая вашей деятельности. Своим отношением к службе, к должностным обязанностям вы формируете правовую культуру, влияете на состояние воинской дисциплины и правопорядка, – отмечено в нем.

Военнослужащие отряда контролируют проезд на территорию и вход в здание министерства. С использованием систем контроля и управления доступом, охранно-пожарной сигнализации, периметрального и внутреннего видеонаблюдения личный состав отряда обеспечивает безопасность вверенного объекта.

Существенный вклад в становление и развитие службы внесли полковники Молдоқун Барамышев, Ерик Бақирбаев, Нұржан Шүпенев и подполковник Сырым Нұсипжанов.

О высоком профессиональном мастерстве военнослужащих подразделения свидетельствует их результативное участие в учениях разного уровня, в Армейских международных играх и в военно-тактических соревнованиях Вооруженных Сил.

## ВСЕГДА ВПЕРЕДИ

**21 января военные инженеры Вооруженных сил отметили профессиональный праздник. Инженерные войска были образованы в 1993 году на основе соединений и частей, дислоцированных на территории Казахстана.**

За более чем тридцатилетнюю историю в Вооруженных Силах создана система органов управления инженерных войск, возрос профессиональный уровень специалистов, и кардинально изменилось их техническое оснащение. С прошлого года в инженерно-саперных войсках появилась минно-кинологическая служба.

На вооружении войск состоят дистанционно управляемые роботы-саперы, техника для организации минно-взрывных заграждений и ведения инженерной разведки, землеройные машины, буровые установки для добычи воды.

Военнослужащие инженерных войск одними из первых начали участвовать в миротворческих миссиях. С 2003 по 2008 год инженерно-саперное подразделение миротворческого батальона «Казбат» находилось в составе стабилизационных сил коалиции в Ираке. Военные инженеры выполняли задачи по поиску и уничтожению неразорвавшихся боеприпасов, оборудованию пунктов водоснабжения

и очистке воды.

Большой объем задач они выполняют при подготовке и проведении различных плановых занятий и учений: возводят фортификационные сооружения, устанавливают понтонные мосты, занимаются подготовкой маршрутов движения войск, их маскировкой и водоснабжением.

Подготовка офицеров инженерных войск тактического звена осуществляется на кафедре боевого обеспечения Военного института Сухопутных войск имени генерала армии Сағадата Нұрмағамбетова, оперативно-тактического – в Национальном университете обороны РК. Специалисты младшего звена готовят в Центре разминирования Вооруженных Сил РК г. Конаеве и в военно-технических школах страны. К тому же на военных кафедрах трех государственных университетов ежегодно в мобилизационный резерв выпускают офицеров запаса.

На учении «Батыл Тойтарыс-2023», состоявшемся под руководством Президента страны – Верховного Главнокомандующего Вооруженными Силами, военные инженеры организовали наведение мостовой переправы через реку Или, подтвердив свой высокий уровень профессиональной подготовки.

Воины-саперы выполняют задачи по очистке местности от взрывоопасных предметов. В условиях чрезвычайных ситуаций личный состав инженерных войск в числе первых приходит на помощь гражданскому населению. Военнослужащие защищают мосты и гидротехнические сооружения в период ледохода и паводка, занимаются локализацией селевых потоков, участвуют в тушении природных пожаров и в эвакуации людей из снежных заносов.

Укомплектованные квалифицированными специалистами, оснащенные современной военной техникой подразделения инженерных войск всегда готовы к выполнению задач, направленных на обеспечение обороноспособности страны и безопасности гражданского населения.

ПЕРВЫЕ ПОЛЕТЫ НА  
НОВЫХ САМОЛЕТАХ

**На аэродроме «Актобе» Военного института Сил воздушной обороны имени дважды Героя Советского Союза Талгата Бегельдинова состоялись первые полеты на чешских самолетах L-410.**



До эксплуатации воздушного судна инструкторы прошли трехмесячное обучение в Чешской Республике. Тренировались на симуляторах Full flight simulator, получили соответствующие допуски и сертификаты на эксплуатацию этой модели самолета. Старт полетов прошел в торжественной обстановке, с построением, докладом о готовности и символическим перерезанием ленточки. После получения предполетных указаний, первый вылет произвели инструктор из Чехии и казахстанский летчик подполковник Каныбек Шинбаев.

– Удобная модель для местных воздушных авиалиний была разработана в Чешской Республике. Самолет отлично подходит для первоначального

обучения курсантов, летчиков, инженерно-технического состава военно-транспортной авиации. Воздушное судно оснащено современной авионикой, навигационной системой, имеет много возможностей в плане пилотирования, – отметил старший летчик (инструктор) – помощник командира экипажа капитан Тимур Калинин.

Напомним, летательные аппараты, предназначенные для обучения специалистов военно-транспортной авиации, поступили на баланс института в декабре прошлого года. Уже летом курсанты смогут проходить практическую подготовку на легких многоцелевых двухмоторных самолетах.

ЗАВЕРШАЮЩИЙ ЭТАП  
БОЕВОГО СЛАЖИВАНИЯ И  
ОГНЕВОЙ ВЫУЧКИ

**Более тысячи морских пехотинцев Актауского гарнизона участвуют в боевых стрельбах. Боевая стрельба отделений – это форма обучения тактической подготовки, являющаяся завершающим этапом боевого слаживания и огневой выучки отделений.**

До этого в ходе подготовки по специальности в зимнем периоде обучения военнослужащие изучили тактико-технические характеристики штатного

вооружения и военной техники, прошли строевую и огневую подготовку в индивидуальном порядке.

– Сейчас на полигоне «Оймаша» военнослужащие



отрабатывают навыки ведения современного общевойскового боя, действия в обороне, в наступлении и в ходе ведения разведки местности. Треть занятий проводится в ночных условиях, – пояснил командир штурмового батальона майор Фархат Манабаев.

Слаженность отделений проверяется при выполнении тактических задач. Командиры получают опыт в управлении огнем, действиями подразделения в бою, а военнослужащие закрепляют порядок действий в составе своего подразделения.

– При выполнении боевых стрельб действия командира отделения оцениваются по его умению быстро, правильно и четко управлять подразделением, – уточнил командир батальона.

В мероприятиях по боевой подготовке задействовано около 50 единиц военной техники. Следующим этапом боевой подготовки станет слаживание взводов.

## ӘСКЕР ТЫНЫСЫ

## ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ

ТӘРБИЕШІЛЕРДІҢ БАСЫН БІР АРНАҒА  
ТОҒЫСТЫРҒАН АЛАҢ

1993 жылы 19 қаңтарда Қазақстан Республикасы Президентінің №1084 Жарлығының негізінде еліміз Қарулы Күштерінің тәрбие құрылымдары офицерлерінің институты құрылды. Осыған орай қаңтардың 18-19 күндері «Шығыс» өңірлік қолбасшылығының Абай гарнизонында Қазақстан Республикасының тұңғыш Қорғаныс министрі, Кеңес Одағының Батыры, Халық қаһарманы, Армия генералы Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовтың 100 жылдығына арналып «ҚР Қарулы Күштерінде тәрбие және идеологиялық жұмыстарды жетілдіру» тақырыбында ғылыми-практикалық конференция және ҚР Қарулы Күштері тәрбие құрылымдары офицерлерінің кәсіби мерекесі күніне орай оқу-әдістемелік жиын өтті.

Оған Қарулы Күштердің құрлықтағы әскери күштері, әскери әуе күштері, әскери-теңіз флоты қолбасшыларының, әскер тектері қолбасшыларының, өңірлік қолбасшылық әскерлері қолбасшыларының, қорғаныс істері жөніндегі департамент бастықтарының, әскери оқу орындары бастыларының тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасарлары түгел келді. ҰҚК шекара қызметі бастығының тәрбие және кадр жұмысы жөніндегі орынбасары полковник Төлеужан Жүнісов, Ұлттық ұлан «Шығыс» өңірлік қолбасшылығы қолбасшысының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары полковник Атабек Салықбаев, өзге де күштік құрылымдар бөлімшелерінің өкілдері де қатысты. Гарнизондық офицерлер үйінде ұйымдастырылған ғылыми-практикалық конференцияда Қарулы Күштеріміздің іргетасын қалауға бар күш-жігерін жұмсаған, ел үшін қиын-қыстау кезеңде әскерді басқара отырып, оның қалыптасуы мен дамуына баға жетпес үлес қосқан қаһарман Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетов туралы тарихи деректер көрмеге қойылды. Жиынды ашқан ҚР ҚМ тәрбие және идеологиялық жұмыстар департаментінің бастығы, әділет полковнигі Тілеухан Қалилаулы Басқожаев тәрбие құрылымдарының офицерлерін кәсіби мерекесімен құттықтай келе, әскерде моральдық-психологиялық тұрғыда қамтамасыз ету, әскери ұжымда достық ахуалды қалыптастыру, бірлікті сезіну мен міндеттердің ортақтығын түсіне білу тәрбие құрылымдарының мамандарына тікелей байланысты екенін атап өтті. Басқосуда «Көрнекі үгіт пен тәрбиелеудің техникалық құралдарын сатып алуды ұйымдастырудағы лауазымды тұлғалардың, тәрбие және идеологиялық жұмыстар органдарының жұмыс тәртібі», «Отбасылық жанжалдарды, тұрмыстық зорлық-зомбылық пен буллингті ескерту», «Өз-өзіңді дамыту», «Әскери ұжымда жеке және топтық психологиялық жұмыстардың ерекшелігі», «Бөлімшенің жауынгерлік атысын өткізуде моральдық-психологиялық қамтамасыз етуді ұйымдастыру жөніндегі бөлімше командирінің жұмысы», «Жеке құраммен тәрбие жұмыстары мен ақпараттандыру, мемлекеттік-құқықтық дайындықты ұйымдастырудағы жаңа тәсілдер», «ҚР Қарулы Күштеріндегі суицидтік жағдайға шолу. Карумен қызмет атқарудың психологиялық аспектілері», «Құқық бұзушылықты нүктелік әдіспен сауықтыру жөніндегі әскери бөлім командирлері мен әскери полиция органдарының өзара қимыл-әрекетін ұйымдастыру», «Кәсіби коммуникацияның негіздері. Бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс тәртібі. Кризистік кезде әрекет ету» тақырыптарында баяндама жасалды.

\*\*\*

«Тәрбие және идеология жөніндегі орынбасарлардың жұмыстары қиын, өте жауапты. Көшті жүргізетін офицерлерге жүктеме көп, сенім мол». Тәрбие құрылымдары офицерлері жайында ҚР Қорғаныс министрінің тәрбие және идеологиялық жұмыстар департаментінің бастығы осылай деді. Жиынның басынан аяғына дейін қазақша майын тамызса сөйлеп, нағыз патриоттықтың үлгісін көрсеткен әділет полковнигі Тілеухан Қалилаулы Басқожаевпен аз-кем әңгімелескен едік.

- Тілеухан Қалилаулы! Кеңес Одағы кезінде әскерде саяси жетекшілер, «политруктер», «замполиттер», бертіңге дейін тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасарлар атқарған қызмет те, атауы да сан түрлі өзгерістерге ұшырады. Қазіргі Қарулы Күштердегі тәрбие офицерлердің рөлі қандай?

- Қазір бұл атаудың ауқымы да, маңызы да кеңейді. Тәрбие офицерінің араласпайтын дүниесі жоқ. Тәрбие, идеология, патриотизм, моральдық-психологиялық рух, әлеуметтік жұмыс – бір-бірінен ажырамас ұғым. Осының барлығын қатар алып келе жатқан тәрбиеші офицерлердің жұмысы – қыруар еңбек. Бір ғана өлшеммен айту қиын. Әскердегі тәрбиешілердің жұмысы көзге көрінбегенімен, қызмет ету аясы өте кең.

- Жаһандық масштабта, жекелеген аймақтарда күрт өзгеріп жатқан әлемдегі ахуал жағдайында еліміздің тәрбиеші офицерлерінің дайындығының деңгейін қалай бағалауға болады?

- Әлемдегі геосаяси ахуалды жіті бақылап, әлеуметтік желілерді саралай отырып, әскери жауынгерлік даярлықта қандай мәселелердің маңызды екенін байқау қиын емес. Мәселен, Ресей мен Украина арасындағы әскери іс-қимылдарды алайық. Үлкен генералдың сөзіне жүгірсек, соғысты жеңетін логистика мен идеология. Әлемдегі ахуал жағдайында әскери тәрбиешілеріміздің даярлық деңгейі өте жоғары дегуе толық негіз бар. Оған ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымына және Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер арасындағы ратификациялық келісімдердің шеңберінде атқарылып жатқан тиімді әрі оңтайлы көптеген іс-шаралар дәлел болады.

- Полковник мырза! Мемлекет басшысы – еліміз Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әскерлерге қазіргі соғыс пен қарулы қақтығыстардың түр-сипатына қарай күннен күнге жетілдіріліп жатқан жаңа әдіс-тәсілдерді, қорғаныстың жауынгерлік жаңашыл қимылдарын баса ескеруді жүктеп отыр. Сонымен қатар ұлттық идеологияны қалыптастырудағы маңызды шешімдерді отансүйгіштік рухта жүзеге асыруға үндейді. Бұл жөнінде не деісіз?

- Мемлекет басшысының тарапынан осы салаға шынайы көп көңіл бөлінеді. Былтырғы жылдың өзін саралап айтып өтетін болсақ, қаншама ауқымды құжаттар қабылданды. Президентіміз Бүкілармиялық кеңесте ұлттық патриоттық дайындық тұжырымдамасын әзірлеуді тапсырды. Осы тұжырымдаманың негізінде «Жастарға әскери-патриоттық тәрбие берудің 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Ұкіметтің қаулысы шықты. Алдағы уақытта әскери-патриоттық тәрбие беру ісін жетілдіру бағытында өте көп өзгерістер болады. Өздеріңізге мәлім, құрамында 260 мыңнан астам тәрбиеленушісі бар еліміздегі 75 мыңға жуық әскери-патриоттық клубтың, әскери-патриоттық қозғалыстар мен кадет сыншпартының жұмыстары біркелі жүйеге келтірілімек. Олардың күн тәртібі, оқу бағдарламасы, киім формаларының жинитығы бірдей етіліп, тәрбие жұмыстары да барлығына бірдей ортақ тәртіппен негізделген механизммен бір орталықтан жүргізіледі. Одан бөлек,



былдан бастап үйлестіру орталығы құрылып жатыр. Орталық және орындаушы органдардың барлығының басшысы әрі модераторы – Қорғаныс министрілігі. Жалпы еліміздің аумағында әскери-патриоттық тәрбие беру жұмыстарын басқаратын, пәрмен беретін және ол пәрменді орындататын заңды орган қызметінің нақты нәтижесі көп ұзамай көріне бастайды. Сонымен қатар Қорғаныс министрілігінің қарамағындағы республикалық «Жас ұлан» мектептерін әскери колледж деңгейіне көтеріп, заман талабына сай сәйкестендіру мақсатында сабақтарды жүргізу жүйесіне де өзгеріс енгізіледі. Болашақтың еншісіндегі тағы бір жаналық: Қапшағайда «Балдаурен» лагерінде әскерге шақырылған дейінгі жас жеткіншектерді әскери-патриоттық дайындықтан өткізу. Бұл жерге тек әскери қызметшілердің балалары ғана емес, еліміздің түкір-түкірінен 14-17 жас аралығындағы жасөспірім шақырылады. Жыл он екі ай бойы 4 мыңнан астам бозбала әскери бөлімдердің базасында ертең елге қорған болуға тәрбиеленеді. «Балдауреннің» төрт орталығында мүмкіндігі шектеулі балалардың денсаулығын қалыпқа келтіру жағы қарастырылған.

- Сұхбатыңызға рахмет!

## Әскерден кейін тегін білім алу мүмкіндігі

Мерзімді әскери қызметке келу, жауынгерлік пен әскери-кәсіптік даярлықтағы және әскери тәртіпте жоғары нәтижелер көрсету, Қорғаныс министрілігі мерзімді әскери қызмет өткеру нәтижелері негізінде тегін жоғары білім беру жөнінде шешім қабылдау, жоғарғы оқу орындарының білім беру бағдарламасын таңдап, Қорғаныс министрілігінен ұсыныс алу, мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін 2 жыл ішінде жоғарғы оқу орындарына келіп, ұлттық жүйесіндегі тестсіз оқуға түсу – тегін білім алу үшін әскери қызмет өткерген азаматтарды іріктеу тәртібі. Міне, осы тақырып – конференция жұмысындағы негізгі сабақтардың бірі болды. Әскерде мерзімді қызметін өтегендер үшін әлеуметтік жеңілдіктер мен білім беру гранттарының бөліну қорытындыларын бейнебаян және слайд арқылы «Шығыс» өңірлік қолбасшылығы Аяғз гарнизоны 10181 әскери бөлімі командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыстары жөніндегі орынбасары подполковник Ержан Қошқаров жеткізді.

«Тегін білім алуға үміткерлер жауынгерлік әзірлік бағдарламасын меңгеру деңгейіне, жеке тәртібіне, тәуліктік нарықта қызмет атқару барысында арнайы міндеттерді толық орындауына, психологиялық жай-күйіне қарай іріктеледі. 2022 және 2023 жылдары еліміздің Қарулы Күштерінде белгіленген мерзімді қызметтерін өткеру үшін 146 әскери бөлімге шақырылған 52 000 жауынгер «Срочник 2.0» цифрлық платформасына тіркелді. Ол басқа білім беру платформалары секілді интернет арқылы жұмыс жасайды. Жүйе пайдаланушы үшін қолжетімді. Яғни, сарбаздар өз баға нәтижелерін еш кедергісіз көре алады. Дегенмен, жүйені қорғаудың бірнеше деңгейі бар. Цифрлық жүйенің өзі үйлестіруді жүзеге асырады. Соған қарамастан заңдылықты сақтау және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында орындарды бөлудің әдістемелік тәсілін комиссия құру қарастырылған. Құрамына ҚР ҚМ құрылымдық бөлімшелерінің білім беру, кадр, жауынгерлік әзірлік, тәрбие жұмысы, әскери полиция саласының қызметкерлері кіреді. Сонымен қатар, қоғам өкілдері мен әскери қызметшілердің отбасы мүшелерімен жұмыс жөніндегі қызмет те бар.

Айта кететін тағы бір мәселе: жауынгерлік даярлық сабақтарында қауіпсіздік шараларын бұзған, әрекеті жарақаттануға немесе адам өліміне әкел соқтырған, әкімшілік жауапкершілікке қатысты тәртіптік теріс қылық жасаған, тәуліктік нарықта қызмет атқару кезінде ауыр зардаптарға әкел соқтыратын қауіпсіздік шараларын бұзған, шартты шахтамен диверсанттардың кіруіне жол берген, өзара қарым-қатынастың жарғылық қағидаларын сақтамаған, спирттік ішімдік ішу немесе басқа да масаң күйде болып, қару мен оқ-дәрілерді ұрлаған, өз-өзіне қол жұмсау әрекеттеріне барған сарбаз бұйқауға жіберілмейді. Егер мерзімді әскери қызметшіден барлық тәртіптік жазалар алынғаннан кейін үш ай көлемінде қайталанбаса, ол конкурсқа қатыса алады. Бұған дейін қандай да бір тәртіп бұзушылықтар мен теріс қылықтар жасап, конкурстық іріктеуге қатысуға жіберілмеген мерзімді әскери қызметші әскери борышын орындау кезінде ержүректілік, батылдык, жауынгерлік дайындықта қару-жарақ пен әскери техниканың жаңа үлгілерін өте жақсы игеруде жоғары көрсеткіштер көрсеткен жағдайда, ҚР ҚМ басшылығының шешімімен конкурсқа қатысу мүмкіндігін қалпына келтіруге құқы бар. Рейтинг нәтижелерімен келіспеген мерзімді әскери қызметшілер апелляция жүргізу және объективті бағалауға көз жеткізу үшін саты бойынша жазбаша түрде жүгіруге де құқылы.

2022 жылдың көктем және күз мерзіміндегі әскерге шақырту бойынша 29 491 сарбазға жеңілдетілген 3 мың орын, әскери жоғары оқу орындарына 350 орын берілді. Мәселен, 2022 жылы күзгі әскерге шақырылғандарға жеңілдетілген білім алу үшін 1500 орын бөлінген болса, жоғары оқу орындарына түсуге 11 460 азамат тілек

білдірді. Бұл 66,4% құрайды. Оның ішінде Қорғаныс министрілігіне 5 286 (71,8%), Ұлттық ұланға 4 938 (77,1%), ҰҚК шекара қызметі мен Төтенше жағдайлар министрілігіне 1 236 (36,3%) сарбаз ниет танытты. Әскери жоғары оқу орындарына түсу мақсатында барлығы 830 адам, нақтырақ айтар болса, Құрлық әскерлерінің әскери институтына 310, әуе қорғанысы күштерінің әскери институтына 320, радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтына 200 сарбаз баянат ұсынды.

Бүгінгі күні еліміздің 76 жоғары оқу орнымен келісімге қолқойылды. Алдағы уақытта ЖОО санын одан әрі көбейту жоспарлануда. 2024 жылдан бастап мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерге стипендия беру және жатақханамен қамтамасыз ету де қарастырылып отыр. Бұл мемлекеттің гранты емес, жоғары оқу орындары мерзімді әскери қызметін өткерген азаматтарға ҰБТ есебінсіз оқуға және оқуға түсуге толықтай жеңілдік береді. Бұған қоса ЖОО-да гранттар бастылып, үлгерімі жақсы азаматты осы грантқа ауыстырған жағдайда, грантқа ауысу және стипендия алу мүмкіндігі де жоққа шығарылмайды. Өзбекстан, Беларусь, Корея сияқты бірқатар мемлекеттерде мерзімді қызметтегі әскерилерге жеңілдіктер болғанымен, біздің тәжірибеміз еш жерде жоқ», - деді сабақ жетекшісі подполковник Ержан Қошқаров.

Полковник Жумабек ХАСЕНОВ, ҚР ҚК Әскери-теңіз күштері Бас қолбасшысының тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары: «Еліміз Президенті – Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысының, Қорғаныс министрілігінің әскери ұжымда жоғары моральдық-психологиялық және жауынгерлік қасиеттерді қалыптастыру, әскери қызметтің беделін арттыруға бағытталған талаптары мен тапсырмаларын тәрбиеші офицерлер орындап келеді. Олар ел басына күн туғанда өз міндеттерін абыроймен атқаруға әрқашан дайын. Біз бұрынғы кітаппен немесе жалпыәскери жарлықпен ғана емес, Әзербайжан мен Армения арасында болған, әлі жалғасып жатқан Ресей мен Украина арасындағы соғыс қимылдарындағы тәрбие жұмыстарына сараптама жасай отырып, жұмыс жіргізіп жатырмыз. Тәрбие құрылымдары офицерлерінің институты құрылған 31 жыл ішінде елін сүйетін рухы мықты жас жігіттер есті. Ізімізді басар офицерлер тәрбиеленіп келеді. Әскерде жағдай жақсарды. Тәрбиеші офицердің салмағы өсіп, жұмыс ауқымы да арта түсті».

Подполковник Думан БІЛӘЛОВ, «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы 21450 әскери бөлімі командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары: «Қазіргі таңда тәрбие және идеологиялық жұмыстар Қарулы Күштерімізде үлкен рөл атқарады. Өз орны бар. Бөлім командирлерінің тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасарлары жеке құрамның жауынгерлік әзірлігіне, моральдық-психологиялық дайындығына жауап беріп, осы бағыттағы жұмыстарды жүргізеді. Кәсіби мерекеге орай «Шығыс» өңірлік қолбасшылығының Абай гарнизонындағы тәрбие құрылымдары офицерлерінің оқу-әдістемелік жиыны өте жоғары деңгейде өтті. Әр офицер қажетті білім алып, тәрбие жұмысы одан әрі жетілдірудің жаңа әдіс-тәсілдерін үйренді. Тәжірибе алмасуымыз кәсіби шеберлігімізді шындайтын сөзсіз. Тәрбиеші офицерлер жасай берсін!»

Капитан Қазбек СЕЙДАХМЕТ, 26363 әскери бөлімі командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары: «Кеңес Одағының Батыры, Халық қаһарманы, Армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов – мен үшін үлкен атамыз. Жеке құраммен жұмыс жүргізуде әскери өмірден жинақтаған мол тәжірибесі туралы кітаптарын, нақыл сөздерін оқып, мотивация аламыз. Еліміздің қорғаныс саласының іргесін қалауға қосқан орасан зор еңбегінен тәлім-тәрбие аламыз».

Аға сержант Үміт БАТЫРБАЕВА, 44793 әскери бөлімінің офицер-психолог: «Әскерде психолог-офицердің маңызы зор. Жаңадан келген жас сарбаздардың және олардың ата-аналарымен, әскери қызметшілер мен олардың отбасыларымен жұмыс жасауда жай-күйін психологиялық тұрғыда бір қалыпта ұстауға біз көмегімізді тигіземіз».

## QR код – жаңа ғасыр талабы

36803 әскери бөлімі 1-ші зымыран дивизионы командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары аға лейтенант Ернар Бактығазин ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ететін жаңа технологияның бір түрі – QR код орнатылған «Зымыраның» фотогазетін таныстырды.

Енді 1-ші зымыран дивизионындағы мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің ата-аналары қабырға газетін смартфон арқылы оқи алады. Өткізілген іс-шаралардың суреттерін сканерлеу арқылы бейнероликтер де көруге болады. Ақпарат алуға қолжетімді маңызды қосымшаға сарбаздардың жауынгерлік даярлық, нарық, тренинг, спорттық, бос уақыт кезінде тыныс-тіршілігін баяндайтын бейнероликтер де тіркелген. Қолданьсақ енгізілген QR код жүйесінің аясы кең. «Бұрын жауынгерлерге мерзімді әскери қызметтен естелік ретіндегі альбомды дискіге көшіріп, ата-аналарына алғыс хаттарды үйлеріне қайтарда тапсыратын едік. Қазір QR кодтың мүмкіндігін пайдаланып, бөлім командирінің сөзі де, құттықтау да видео арқылы жеткізіледі. Цифрландырудың озық үлгілері қарқынды дамып жатқан заманда біз де көштен қалмай, заманауи технологияны игергеніміз дұрыс деп шештік», - деді өз ойымен бөлісетін аға лейтенант. Оның айтуынша, бұл – әскери қызметтің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етудің, қоғамдағы әскерге қатысты негативті көзқарас пен пікірлерді теріске шығарудың бірден-бір жолы.

## Жиын аясындағы жүздесулер

Оқу-әдістемелік жиын күндері ҚР Қарулы Күштері әскери қызметшілерінің отбасыларымен жұмысты ұйымдастыру жөніндегі жетекші Тәттігүл Қарқынқызы Смағұлованың қатысуымен Абай гарнизоны, Әуе шабуылына қарсы қорғаныс күштері, Әуе қорғанысы күштері әскери бөлімдеріндегі әскери қызметшілердің отбасымен жұмысты ұйымдастыру жөніндегі жетекшілермен әдістемелік тәжірибе алмасу шарасы өтті. Жетекшілер атқарылған жұмыстар жайында есеп беріп, отбасындағы жанжалдар мен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, бала өмірі мен денсаулығын буллингтен қорғау мәселелері талқыланды. Тәттігүл Қарқынқызы отбасындағы зорлық-зомбылық қоғамның өзекті мәселесі болып тұрғандықтан, бала мүддесі үшін ата-аналармен бірлесіп отырып жұмыс жүргізудің маңызды екенін баса айтты. Әліхан Бөкейханов атындағы университеттің педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы Гүлжан Батинаның дәрісі әскери қызметшінің жеке басын жетілдіру мәселелеріне арналса, педагогика ғылымдарының магистрі, психолог маман Гүлмира Жолдыбаева әскери ұжымдардағы жеке және топтық психологиялық жұмыстың ерекшеліктеріне мән берді. Жиында мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізудің жаңа форматтарына қатысты ұсыныстар да ортаға салынды.

«Бақытты отбасы – салауатты қоғам» тақырыбындағы кеште әскери зейнеткер Гүлмира Монкенова, 54835

әскери бөлімінің әскери қызметшісі «Ел қорғаны», «Жауынгерлік ерлігі үшін» медальдарының иегері, халықаралық армия ойындары аясындағы «Әлем жауынгері» әскери-кәсіби шеберлік конкурсының 2022 жылғы жеңімпазы, 2023 АҚШ-ның Арисона штатында Ұлттық гвардия базасында өткен «Үздік жауынгер» сайысының жүлдегері лейтенант Назира Әлбосынова әскери қызмет туралы әңгімеленді.

ҚР Қарулы Күштері әскери қызметшілерінің отбасыларымен жұмысты ұйымдастыру жөніндегі жетекші Тәттігүл Смағұлова 44736 әскери бөлімінің шефтік қамқорлығындағы №949 орта мектепте ерлік сабағына да қатысты. Айта кету керек, «Шығыс» өңірлік қолбасшылығы мен Семейдегі №949 орта мектеп арасындағы ынтымақтастық меморандумына сәйкес, 44736 әскери бөлімінің әскерилері «Жас барлаушы» әскери-патриоттық клубы тәрбиеленушілерінің әскери әрі спорттық әзірлігін жетілдіруге үлкен үлес қосып келеді. Қарулы Күштерде қызмет етуге жас ұрпақтың әскери бағыттары мен дене дайындығын, жаппай дене тәрбиесі-сауықтыру іс-шараларын, әскери-спорттық жарыстарды ұйымдастырып өткізуде де бір-біріне қолдау көрсетеді. Соның арқасында «Айбын» әскери-патриоттық жастар жиынында «Жас барлаушы» әскери-спорттық патриоттық клубының құрамысы еліміз Қарулы Күштерінің және өзге де әскери құрамаларының командалары арасында 2021 жылы екінші орынды жеңіп алды. Мейіражан Теміржанов ерекшеленіп, «Үздік жас сарбаз» номинациясы бойынша кубок иегері атанды. 2022 жылы төртінші, ал, 2023 жылы екінші орынды ұтты. «Муның барлығы қағаз жүзіндегі шефтік жұмыс немесе жалған есеп беру үшін көрсетілген сандар емес, бұл – әскери бөлім мен мектеп арасындағы әскери-патриоттық тәрбие жұмыстарының өте жоғары деңгейде ұйымдастырылуының нәтижесі», - деді 44736 әскери бөлімі тәрбие және идеологиялық жұмыстар бөлімі бастығының (әскери қызметшілердің отбасы мүшелерімен жұмысты ұйымдастыру жөніндегі) көмекшісі Гүлфат Рафиқова.

## Мереке күнгі марапат

Абай театрына жиналған әскери тәрбиешілерді тікелей байланыс арқылы ҚР Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – ҚР ҚК Бас штабының бастығы генерал-лейтенант Сұлтан Бүркітбайұлы Қамалетдинов құттықтады. Бұдан соң ҚР Қорғаныс министрінің құттықтау хаты ҚР ҚК шекара қызметі директорының тәрбие және кадрлар жұмыстары жөніндегі орынбасарына, ҚР ІІМ Ұлттық ұлан бас қолбасшысының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстары жөніндегі орынбасарына тапсырылды. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлер мен әскери құрамаларда әскери борышын үлгілі орындағаны үшін және тәрбие құрылымдарының офицерлері күні құрметіне орай 36803 әскери бөлімі командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасары майор Бекболат Сұлтанбаев пен 44813 әскери бөлімі командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасары майор Болат Хамбетов подполковник әскери атағы, 26363 әскери бөлімі командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасары капитан Қазыбек Сейдахметке майор әскери атағы, 21450 әскери бөлімі мотоотқыштар батальоны командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасары аға лейтенант Мирас Жұмысқылы мен 12740 әскери бөлімі шабуылдау батальоны командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасары аға лейтенант Жайсаң Қанатовқа капитан әскери атағы мерзімінен бұрын берілді. ҚР ҚМ тәрбие және идеологиялық жұмыс департаментінің аға офицері полковник Михаил Якович, «Шығыс» өңірлік әскерлері қолбасшысы басқармасының тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі басқарма бастығы полковник Дархан Әжібаев, ҚР ҚК Әскери полициясы бас басқарма бастығының орынбасары полковник Айдос Ұлдаханов, 40336 әскери бөлімі командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасары подполковник Ерлан Аубатыров, 21450 әскери бөлімі командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасары подполковник Думан Біләлов, 10181 әскери бөлімі артиллериялық дивизион командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары капитан Эльшат Мұхтаров «Ел қорғаны» медалімен наградталды. Әскери қызметшілерді Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиеленгені, жеке құрамның жоғары моральдық-психологиялық жай-күйін ұстағаны, заңдылық пен құқықты тәртіпін нығайтқаны үшін және ҚР ҚК тәрбие құрылымдарының құрылған күні құрметіне Түркістан облысы қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығының (тәрбие және идеологиялық жұмыс мәселелеріне жетекшілік ететін) орынбасары подполковник Жандос Күлдербаев бағалы сыйлық, 53898 әскери бөлімі командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары подполковник Мақсат Боратаев, Павлодар облысы қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығының (тәрбие және идеологиялық жұмыс мәселелеріне жетекшілік ететін) орынбасары подполковник Алмасбек Бұхарбаев, 12881 әскери бөлімі командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары майор Жәнібек Жұмағамбетов және 36803 әскери бөлімінің аға офицері лейтенант Меруерт Құрманғажина ҚР Қорғаныс министрі генерал-полковник Руслан Жақсылықовтың грамотасын алды.

Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовтың 100 жылдығына арналған ғылыми-практикалық конференция мен тәрбие құрылымдары офицерлерінің оқу-әдістемелік жиын үлкен концерттік бағдарламамен аяқталды. Айтулы шаралардың «Шығыс» өңірлік қолбасшылығында ұйымдастырылуы берекеден емес. 2022 және 2023 оқу жылдарының қорытындысы бойынша әскери тәртіп пен құқық тәртібін сақталуы жағынан «Шығыс» өңірлік қолбасшылығы бірінші орынды жеңіп келеді.

## Алуа СӘКЕНҚЫЗЫ

«ШЫҒЫС» өңірлік қолбасшылығы  
Суреттерді түсірген автор

## АКТУАЛЬНО

НА СТРАЖЕ  
МЕЖДУНАРОДНОЙ  
БЕЗОПАСНОСТИ

В конце прошлой недели депутаты Парламента страны приняли решение о развертывании первого самостоятельного национального миротворческого контингента Казахстана (139 человек) со своей военной техникой, вооружением и имуществом в качестве роты резерва в миссию «Силы ООН по наблюдению за разъединением на Голанских высотах». Парламент одобрил направление персонала ВС РК, который не должен превышать 430 человек, для участия еще в нескольких миссиях: «Орган ООН по наблюдению за выполнением условий перемирия (UNTSO, Палестина-Израиль)», «Миссия ООН в Республике Южный Судан» (UNMIS, Южный Судан) и «Временные силы ООН по обеспечению безопасности в Абьее» (UNISFA, Судан). Все эти «горячие точки» на мировой карте находятся в разных фазах вооруженного конфликта. Обзор военно-политической обстановки в этих странах – в сегодняшнем материале.

Нариман ДЮСЕНОВ

## Споры за стратегический плацдарм

Напряженность вокруг Голанских высот существует на протяжении нескольких десятилетий. Именно эта спорная территория, большая часть которой занята Израилем, является предметом «раздора» еврейского государства с Сирией, которой принадлежит восточная часть. Обе страны конфликтуют из-за этого региона уже более полувека.

Если говорить о географических границах, то на западе Голаны (горное плато вулканического происхождения площадью 1,8 тысячи кв. км) ограничены рекой Йордан и Тевриадским озером, а на юге – рекой Ярмук.

Территория Голанских высот исторически считается сирийской. В 1944 году, после того, как Сирия провозгласила независимость, Голаны стали частью провинции Кунейтра.

Эта территория могла так и остаться в составе Сирии, однако после создания государства Израиль и последующих двух войн две трети Голанских высот стали территорией Израиля.

По итогам «Шестидневной арабо-израильской войны» (1967 год) территория Голанских высот была передана израильской военной администрации и интегрирована в состав государства. В то же время Совбез ООН призвал вывести израильские войска с оккупированных территорий. До сих пор большинство стран, несогласных с оккупацией, ссылаются именно на резолюцию Совбеза ООН.

После «Шестидневной войны» большая часть населения территории Голанских высот (преимущественно арабы) постепенно покидала эти земли. В итоге там осталось лишь 6,5 тысячи сирийских



граждан.

Следующая арабо-израильская война, известная также как «Война Судного дня», давала возможность сирийской армии вернуть захваченные территории. Однако ценой тяжелых потерь израильским военным удалось сорвать сирийское наступление.

Фото 3

Перемирие между Израилем и Сирией было заключено в 1974 году. С того же времени на линии разграничения действуют силы ООН. Также Совбез принял резолюцию об Организации по наблюдению за разъединением на Голанских высотах.

Сегодня напряженность между Сирией и Израилем по-прежнему сохраняется. Оба государства считают друг друга врагами, а Израиль запрещает своим гражданам поездки в Сирию. Хотя в конце прошлого столетия сообщалось о тайных переговорах сторон по восстановлению мира, экс-президент Сирии Хафез Асад отказался от этого предложения и признания государства Израиль.

В феврале 2017 года премьер-министр Израиля Беньямин Нетаньяху в ходе своего первого визита в США после избрания Дональда Трампа на пост президента попросил признать Голаны частью Израиля, что произошло спустя два года. Решение вызвало критику международного сообщества. Ни одна другая страна не последовала примеру США. Сирия раскритиковала данный шаг США, назвав его вопиющим нарушением ее суверенитета.

В настоящее время Голанские высоты разделены на три части, большую часть которых занимает Израиль, за исключением подконтрольной Сирии узкой полосы на востоке. Между ними, на участке шириной 75 км, расположена зона разъединения, где и базируются силы ООН (СООНН).

По обеим сторонам от линии разъединения располагаются зоны ограничения, в которых Израиль и Сирия должны придерживаться условленного лимита по вооруженным силам и вооружению.

На Голанских высотах расположено 30 израильских поселений, в которых живут 20 тысяч человек. Вместе



с тем, там проживают порядка 17 тысяч сирийцев, численность которых выросла за счет естественного прироста, а также программ реинтеграции израильского правительства.

Голаны остаются важной стратегической территорией в военном плане, представляя из себя отличный оборонительный рубеж. Рельеф местности способен затруднить продвижение военного транспорта. Она также дает возможность Израилю наблюдать за передвижением сирийских войск.

Однако более важно то, что Голаны являются источником воды для засушливого региона, имея разветвленную гидрогеографическую сеть.

## Суданский кризис

Напряженная ситуация наблюдается в Республике Судан. После свержения в 2019 году суданского лидера Омара аль-Башира, в стране начались демократические преобразования. В том же году было создано гражданское правительство, которое было свергнуто в 2021 году в результате военного переворота.

В последние годы активные усилия по стабилизации обстановки предпринимают ООН и ряд других организаций. В результате этой работы в декабре 2022 года было подписано соглашение между военными и ключевыми гражданскими политиками – лидерами партий.

В этот период в Судане сложилась тяжелая экономическая ситуация. Стали вспыхивать межэтнические столкновения и участились акты вооруженного насилия, в результате которых пострадали мирные жители. В провинции Дарфур, а также в штатах Южный Кордофан и Голубой Нил, были разрушены и разграблены многие жилые дома.

Политический кризис усугубил процесс маргинализации и породил волнения, активизировав старые земельные претензии.

Однако, несмотря на это, процесс урегулирования политического кризиса был продолжен. В марте 2023 года специальный представитель Генерального секретаря ООН по Судану Волкер Петресс сообщил, что суданские стороны были ближе, чем когда-либо, к урегулированию ситуации и возвращению к гражданскому правительству.

Однако все усилия сторон рухнули, когда в Судане вспыхнули вооруженные столкновения между военными силами под командованием генерал-лейтенанта Абдель

Фаттаха аль-Бурхана и Силами быстро реагирования. В результате боестолкновений погибли сотни людей, тысячи пострадали.

В Судане действует специальная организация – Комплексная миссия ООН по оказанию содействия в переходный период в Судане, возглавляет которую Волкер Петресс. Целями организации по-прежнему остается возвращение страны в политико-правовое поле и облегчение страданий населения.

9 июля 2011 года Южный Судан стал самым молодым государством мира. Однако создание нового государства ознаменовало собой новую угрозу безопасности в регионе. Для решения данной проблемы Совбез ООН учредил Миссию в Республике Южный Судан.

В 2014 году ООН приняла резолюцию, в которой главным приоритетом стала безопасность населения, мониторинг за соблюдением прав человека и оказание поддержки в доставке гуманитарной помощи.

Сегодня в самом разгаре еще один ближневосточный кризис – палестинско-израильский конфликт, для решения которого также требуется помощь миротворцев ООН.

## Деятельность казахстанских миротворцев

Казахстан со 2 марта 1992 года является полноправным членом ООН. На протяжении всего этого времени республика плодотворно взаимодействует с системой ООН и демонстрирует свою полную приверженность целям и принципам Устава Организации. Казахстан как участник ООН наравне с остальными государствами несет ответственность за поддержание мира и безопасности на планете.

С 2014 года 67 казахстанских офицеров приняли участие в миссиях ООН в Западной Сахаре, Кот-д'Ивуаре, Мали, Центральноафриканской Республике и Ливане. С 2018 года 538 казахстанских военнослужащих участвовали в миссии «Временные силы ООН в Ливане» в составе миротворческого подразделения. В настоящее время шесть казахстанских офицеров в Западной Сахаре, два офицера в Центральноафриканской республике, два офицера в Демократической Республике Конго, девять военнослужащих в Ливане проходят службу в миссиях ООН.

Направление контингента в миротворческие миссии ООН не только вносит значительный вклад в укрепление международной безопасности, но и способствует повышению роли Казахстана на глобальной арене.

ОНЛАСЫН КАПАЛБАЕВ:  
ЭТО ВАЖНО – БЕРЕЧЬ МИР!

